

Анықтауды бастау және жекелеген тауарлардың импорты кезінде уақытша қорғаныштық шараларды қолдану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 тамыздағы N 1291 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Z980337_ Заңына сәйкес және ішкі рынокта тең бәсекелестік жағдай жасау, экономикалық ахуалды тұрақтандыру және отандық өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті қосымшаға сәйкес тауарларға қатысты анықтауды бастасын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі анықтау рәсімі аяқталғанға дейін, заңнамада белгіленген тәртіппен, осы қаулыға қосымшада көрсетілген тауарлардың импортын лицензиялауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тауарлардың импортына алты ай мерзімге уақытша қорғаныштық шаралар енгізілсін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті тауарлардың импорты кезінде осы қаулыға қосымшада көрсетілген мөлшерде уақытша қорғаныштық баж алсын.

5. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетіне анықтаудың басталатындығы және Қазақстан Республикасының уақытша қорғаныштық шаралар қолданатындығы туралы хабарласын.

6. Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 22 тамыздағы N 1291

қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін,
оларға қатысты анықтау басталатын және
уақытша қорғаныштық баждар енгізілетін
тауарлардың тізбесі**

Тауардың атауы	ТМД СЭҚ ТН бойынша тауардың коды	Уақытша қорғаныштық баждың ставкасы (кедендік құнынан % - б е н)
1	2	3
Тұсқағаз және бет жағы түйіршікті, басылған, өрнектелген тәсілмен материалдың безендірілген тұратын қабырғалық жабынғы	481420000 батыра боялған, немесе өзге полимерлік қабатымен қағаздан осындай	25
Тұсқағаз және бет жағы параллельді немесе байланыстырылған немесе байланыстырылмаған тоқылған жабылған қабырғалық жабынғы	481430000 иірілумен матаға байланыстырылмаған материалмен осындай	25
Тұсқағаз және мөлдір қорғанышты	481490100 полимерлік	25

материалмен түйіршекті, басылған, өрнектелген де тәсілмен	немесе	қапталған батыра боылған, өзге безендірілген
осындай қабырғалық жабынғы		
Алюминий катанкілерінен	761410000	15
басқа электрлік		761490000
айырымсыз	кесіндісінің	
мөлшері	16 - дан	500 мм2
дейінгі сым*		
Өткізгішінің кесіндісі 1,5- тен 240 мм2 дейінгі	854459100-ден	20
қуаттық кабель		854459800-ден
Өткізгішінің кесіндісі	854459100-ден	20
1-ден 10 мм2 дейінгі		854459800-ден
бақылау кабелі		
Өткізгішінің кесіндісі	854459100-ден	20
1-ден 120 мм2 дейінгі		854459800-ден
орнату сымы		

*Тауарлардың номенклатурасы кодпен де тауардың атауымен де айқындалады. Техникалық параметрлері мен белгіленген жағдайларда жұмысқа арналуы тиісті жазбамен куәландырылуы керек.